

Қауымдық сервитутты белгілеу туралы

Солтүстік Қазақстан облысы Ғабит Мүсірепов атындағы ауданның Шұқыркөл ауылдық округі әкімінің 2024 жылғы 24 маусымдағы № 11 шешімі

Қазақстан Республикасы Жер кодексінің 19-бабының 1-1) тармақшасына және 69-бабының 4-тармағының сәйкес, "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 35-бабы 1-тармағының б) тармақшасына сәйкес, Солтүстік Қазақстан облысы Ғабит Мүсірепов атындағы ауданның Шұқыркөл ауылдық округінің әкімі ШЕШТІ:

1. "Қазақтелеком" акционерлік қоғамына Солтүстік Қазақстан облысы, Ғабит Мүсірепов атындағы аудан, Шұқыркөл ауылдық округі, Шұқыркөл ауылы мекенжайында орналасқан жалпы ауданы 0,0197 га, 49 (қырық тоғыз) жыл мерзімге талшықты-оптикалық байланыс желісі мен телефон кәрізін төсеу және оған қызмет көрсету үшін жер учаскесіне қауымдық сервитут белгіленсін.

Жер учаскесіне шектеулер, ауыртпалықтар: жоқ.

Жер санаты: елді мекендердің (қалалардың, кенттердің және ауылдық елді мекендердің) жерлері.

Жер учаскесі санау: бөлінетін.

2. Осы шешімнің орындалуын бақылауды өзіме қалдырамын.

3. Осы шешім алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

Ауылдық округінің әкімі

К. Жанзаков